

МАНИЛА. Қыркүйектің 29-ы. BNews.kz. - «Кетсана» тропикалық дауылының салдарынан Филиппинде орын алған су тасқынының құрбандарының саны 240 адамға жетті, деп хабарлады сейсенбі күні Франс Пресс агенттігі ел үкіметінің мәліметтеріне сілтеме жасап. Бұған дейін 140 құрбан туралы хабарланған болатын.

Үкіметтің ақпараты бойынша, 370 мыңнан астам филиппиндік су тасқынынан адам өміріне төнген қауіпке байланысты үйлерін тастап, босқындар лагеріне барып паналауға мәжбүр болған. Су тасқынынан барлығы 600 мыңнан астам адам зардап шеккен.

Филиппин үкіметі дүйсенбі күні халықаралық қоғамдастыққа үндеу тастап, апат салдарын жоюға көмек сұраған болатын. Ел орталығы Манилада және басқа қалаларда қыркүйектің 27-сінде төтенше жағдай жарияланды. Су тасқыны мен дауылдың салдарынан Манила әуежайларының бірінің жұмысы уақытша тоқтатылды, көптеген рейстер ауыстырылды, қалада бірнеше шақырымға созылған кептелістер орын алуда.

Филиппинге қыркүйектің 26-сында төнген «Кетсана» дауылы өзімен бірге су тасқыны мен лай көшкінін ала келді. Алты сағаттың ішінде арал-мемлекетке 340 миллиметрден астам жауын жауды. Жыл сайын арал-мемлекетте 20-ға жуық тайфун мен тропикалық дауылдар болып тұрады. Бірақ мұндай нәсер жауын Филиппинде соңғы рет 1967 жылы жауған.

Минданао аралының солтүстігінде жаңбыр мен су тасқынының салдарынан 18 адам қаза тапты. Тағы бес адам хабар-ошарсыз кеткен. Шығыс Висайи және Солтүстік Минданао аймақтарында мыңдаған адам өз үйлерін тастап кетуге мәжбүр болған. Бірнеше қалада «табиғи апат жағдайы» жарияланып, мектептерде сабақ тоқтатылып, мемлекеттік мекемелер жабылды.

1. Дерек көзі:

- <https://bnews.kz/kz/news/proisshestviya/filippinde-su-taskininin-kurbandari-240-adamga-zhetti>
- <http://www.ntv.ru/novosti/832040/>